


87156031
1985

СЕЙМУХАМЕТ МҰХАМЕТШИН

ТАҒДЫР ТАРАЗЫСЫ



СЕЙМҰХАМЕТ МҰХАМЕТШИН

ТАҒДЫР
ТАРАЗЫСЫ



«ДӘУІР» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ 2007

ББК 84 Қаз 7-4

М 86

М 86 Мұхаметшин С.

Тағдыр таразысы. – Алматы: «Дәуір» 2007. – 224 бет.

ISBN 978-601-217-001-6

Зерлі тілді, зерделі журналист, дарынды публицист Сеймұхамет Мұхаметшин қалам қуатымен жұртшылық жүрегіне жол тауып келеді. Қаламгер шығармашылығының алтын арқауы – елдік пен ерлік, адами асыл қасиеттер. Алаш ардақтыларының тұлғасын биіктетіп, адамгершілік қадір-қасиеттерін жарқырата көрсетеді. Өткенге жаңа заман, жаңа талап биігінен зер салып, келер ұрпаққа ғибрат боларлық тағдыр талайынан тебірене сыр шертеді.

ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 978-601-217-001-6

© Мұхаметшин С., 2007

© «Дәуір», 2006

Бірінші бөлім

АЛТЫН КӨПІР





ЖАСЫН ҒҰМЫР ЖАРҚЫЛЫ

Тарихтан белгілі, XVIII ғасыр Ресей патшалығы үшін солқылдап тұрған тұс болатын. Болашақта алпауыт мемлекеттің негізін қалап, батыстың өркениетті мәдениетіне еліктеп, Санкт-Петербург сияқты сәулетті қаласын тұрғызған Петр біріншінің қыруар еңбегі зая кете бастады. Патша өлгеннен кейін «Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық» бола алмады. Туған ұлы Павел болса әлжуаз, көрінгеннің сөзіне еретін мазасыз еді. Қайта оның жұбайы нәсілі неміс Екатерина ақылды, болашақты болжай алатын. Ол дарынсыз күйеуін тақтан тайдырып, Ресейді отыз жылдай өзі басқарды. Ол сыртқы саясатқа мықты болғанымен, ішкі саясатты қожыратып алды. Оның тұсында, Санкт-Петербург пен Мәскеу қаласы жын ойнақтың орталығына айналды. Ресейдің салтанатты сарайларында «Отыз күн ойын, қырық күн тойын» өткізу дәстүрге көшті. Мұндағы көрініс сайқымазақ, бірін-бірі өтірік құрметтеу, өсек-аяң, сыбыр-күбір, шараптың буына бөгіп «Маузарқаға» билеген бозбалалар бір-бірінен қалыңдықтарын қызғанып, семсер сілтесумен тынатын. «Қатын басқарған мемлекеттің қайранда қалуы» осылай туындады.

Бұдан кейін билікті өз қолдарына көшіріп алған Александр бірінші мен Николай Романовтардың да тәртесі қысқа болды. Олар жаулықты сырттан іздемей, Ресейдің ішінен көргісі келді.

Патша «ағзамдар» осындай аумалы-төкпелі заманда сұрқия саясатын ұстанып, Ресей шаруаларын аяусыз езгіге салып жатқанда, 1812 жылы француздар соғыс ашып, мемлекеттің батыс бөлігін басып алып, Мәскеуді от жа-

лынға орады. Осы кезде жас студент Пушкиннің Отанға, халыққа деген ыстық сезімі оянып, патриоттық табысқа айналды. Соғыстан кейін орыс қоғамының арасында саяси сана-сезім қаулай түсті. Отанға деген сүйіспеншілік кеулеп, қоғамның бет-бейнесін өзгертуді мақсат тұтты.

Пушкин ұлы көштің алдында жүрді. «Бостандық» деген сөзді жалау етіп көтерген ақынның от шарпыған жалынды жырларын жұрт асыға күтті. Әсіресе, 1825 жылдың желтоқсан айының аязды күнінде, Санкт-Петербургтегі Сенат алаңында Пестель басқарған «Отанды қорғаушылар қоғамының» бес азаматын жұрт алдында дарға асуына ұлы ақын ашына күйінді. Бұл кезде ол қоғамға аса қауіпті адам ретінде Кавказға жер аударылған еді. Ол осы жерде жүріп, тағы бір сұмдықтың үстінен шықты. Жазасын өтеу үшін Арзамас шатқалымен өрлеп бара жатқан. Қарсы беттен қос өгізге тіркелген, шикылдаған арбаға қарсы келіп қалды. Үстінде екі мұжық отыр. Ақын тұра қалып жөн сұрайды.

—Мына әкелген табыттарың кімдікі, - дейді. Мұжықтар жай мұрындарының астынан міңгірлеп:

—Өзіміз де білмейміз, ақын дей ме, елші дей ме, әйтеуір маңғаз болса керек. Исламның фанатиктері басын кесіп, далаға кеудесін лақтырып тастапты. Түн жамылып ұрлап алып, бассыз денесін туған деревнясына апара жатырмыз. Иманы салауат болсын, марқұмның, — дейді жолаушылар. Ақын ат үстінен қарғып түсіп, табытты қарайды. О сұмдық бұл «Ақылдың азабы» кітабының авторы. Ол табыт үстіне құлай жығылып, өлікті құшақтап ұзақ жылайды. Қасында тұрған мұжықтар сасқалақтап, ақынды өліктен әзер ажыратады.

—Мырза, бұл кісіні танысыз ба, туысыңыз ба? — дейді қайырымды мұжықтар.

—Иә. Бұл — менің досым, үлкен ақын Грибаедов, атын жазып алыңдар, етекке түскенде елге айтыңдар, жерлеуін солар көтерер.

—Сендерге үлкен рахмет, сауабы құдайдан қайтар, мынаны жұмсаңдар, марқұмға дұға оқыңдар, — деп қалтасын қағып, бір уыс ақшаны мұжақтарға ұстатты. Туысында мұндай қайырымдылықты көрмеген шаруалар аң-таң болып, ауыздарын ашып тұрып қалды.

Сонда мұжықтардың естігені: «Уа, іріп-шіріген Россия, ендігі жетпегені осы еді. Қош, аяулы досым. Мен де жер басып жүре алмаспын, ендігі кезек біздікі шығар».

Ақынның айтқаны айдай келді. Араға айлар салып Пушкинді аңдыған жаулар алмай қоймады. Сынықтан сылтау тауып, Дантес деген қарақшыға жіпсіз байлап беріп, ұлы ақынды құрбандыққа шалды.

Осыдан кейін, Николай біріншінің жері кеңігендей болып еді. Ол қатты кателесті. Тұлпардың артында тайы болатынын білмеді. Ресей әлеміне жарқ етіп жасын ойнатқан тағы бір ақын шықты. Ол Михаил Лермонтов еді. Ол Пушкиннен бір мүшел кіші.

1937 жылдың сұрғылт қаңтар айында ыза, зілі мiрдiң оғындай бiр өлең патшалық астананы дүр сiлкiндiрдi. Сол күн Ресейдiң аса қаралы шағы едi. Бұл орыс поэзиясының алтын шамшырағы Александр Сергеевич Пушкиннiң зұлмат жендеттiң оғынан қаза тапқан күн. Жүртшылыққа, әсiресе жоғарғы қауым деп аталатын шонжар топқа есiмi әлi беймәлiм жас Лермонтов өзiнiң «Ақын ажалына» деген әйгiлi өлеңiн сол азалы күнi, ұлы ұстазының жаралы мәйтi жер қойнына енер алдында, сұрапыл ызамен жазған едi. Жоқ, бұл Европада бұрын әуесқойлық салтқа айналған, құлпытастарға ғана шаң бүркейтiн эпитафия әуенi емес, тiптi жаназа жыры да емес. Бұл жыр Пушкин сынды аяулы кемеңгердiң жауыздықтың құрбаны болғаны үшiн бүрк еткен ашулы, тегеурiндi қарғыс даусы едi. Бұл өлең тақта отырғандар мен сұмдықты жахаттаған сұрқылтайларды ғана түйреп қойған жоқ. «Ақынның ажалы» азатшыл әуендерге аңсары ауған сол тұстағы жас ойшылдардың зерделерiн де дүбiрлетiп өттi. Ол кезде жас, келешекте зор кемеңгер Герцен: «Жас Лермонтовтың жанын Пушкиндi өлтiрген пистолет оғының дауысы тебiрентiп кеттi», – деп, бұл өлең Лермонтовтың күдiретiнiң кайнар бастауы екендiгiн ерекше бағалаған.

Лермонтов /1814 жылы октябрьде Москвада туған/ «Ақынның ажалынан» бұрын да өлең жаза бастаған. Бай нағашы әжесi Е.А.Арсеньева он үш жастағы Михаилды Москва университетiнiң iзгiлiк пансионына оқуға берген. Бала Лермонтов 13-14 жасында-ақ өзiнiң айтуынша, өлеңдi шимайлай бастаған. Алайда жас дарынның сондағы жазғандары әшейiн «шимай» емес, поэзиялық та, әлеуметтiк те мәнi бар әжептәуiр шығармалар едi. Балалық, шәкiрттiк шағында жазғандарынан кейiн Лермонтов мұраларынан айтарлықтай орын тепкен «Кавказ тұтқыны», «Черкестер» сынды поэмалар, Н.Ф.Ивановаға арналған

сырлы өлеңдер мен «Ерекше мінезді адам» деген пьеса т.б. Сол оқу орнында екі жыл оқығаннан кейін Лермонтов Москва университетінің саяси-ғибарат бөліміне түсті. Университетте оқып жүргенде әлі жас ақын өзінен ой жағынан да, жас жағынан да ілгерірек Белинскийді, Герценді, Огаревты /бұлар сонда оқыған/ көріп-кездесіп, олардың елеулі ой-пікірлерін естіп-білген еді. Сондықтан да Лермонтовтың балаң жырларының өзінде әлеуметтік теңсіздікке, қытымыр озбырлыққа қарсы сарындар әуелден сезіле бастады. Алайда албырт ақынның бұл шығармалары, әсіресе /«Кавказ тұтқыны», «Черкестері»/ Пушкин әсеріне берілу, еліктеуден туған әуендер еді.

Табиғатынан өр, емін-еркіндікті тәлім тұтқан албырт ақын университеттің керітартпа профессорларының дүмше қисындарына қыңыр келеді де бұл қауымнан безініп, Петербургке жөнеледі. Онда Лермонтов гвардия подпрапорщиктері мектебіне түседі. Мұнда әскери арпалыс машығының нелер азабын екі жылдай шеккен ақын дархандық дүниесінің қасиетін бұрынғыдан да бетер аңсай түседі. Бұл тұста ол халықтың еркіндік күресін сипаттайтын «Вадим» романын жасырын түрде жаза бастайды. Одан кейін патша селосындағы лейб-гусарлар полкында әскери қызметте жүрген шағында, Петербург шонжар қауымының жексұрын топас қылықтарын аңғарады, ол ақын зердесінде жиреніш тудырады. Бұл тарапта «Маскарад» драмасы, «Княгиня Лиговская» повесі жазылады. Бұл жастық кезенде /жас деген сөз Лермонтов үшін қонымсыз болар, ақын небары 27 жыл ғана өмір сүріп, жастай оққа ұшты ғой/ алғашқы романтикалық поэма «Хаджи Абрек» те жазылған еді.

Ал әдебиеттің аз ортасына аян бола бастаған осы айтылмыш шығармалардан кейін «Ақын ажалына» атты, сөздері найзағайдай жарқылдаған күдіретті өлең Лермонтовтың атағын аспанға көтерумен бірге, өз заманына, билеуші топқа деген оның бүкіл ой-пікірін, ыза-кейпін айқындап берді.

Мерт болды ақын, бықсық өсек,
Ар пердесі кетті жұлып,
Кеудесінде оқ, шөлдетіп кек,
Абзал басын иді сұлық!..
Ұсақ ғайбат қорлығына,
Төзе алмады ақын жаны.

Озбыр қауым зорлығына
Көнбей жалғыз, шықты дағы,
Өлтірді оны! О, не керек
Жылау-сықтау, мақтау көкіп,
Ақтайсындар құр мінгірлеп.
Тағдыр үкім қойды оқып!
Оның еркін өз дарынын
Өздеріңсің еткен дертті.
Қызық көріп желпіп бәрің
Өршіттіндер жанған өртті.
Ал енді не? Болындар мәз,
Төзе алмады қайран сабаз.
О, данышпан шамдай сөнді
Сән-салтанат гүлі семді...

Бұл ызалы жолдарда мүмкін өзі пір тұтқан ұлы ақынға бағышталған аянышы және оған оқ атқан көзәпке зілді кек үні ескен шығар. Жоқ, күңірену ғана емес, сонымен бірге мұнда ақынды ажалға душар еткен патша төңірегіндегі түрліше сұрқылтайларға, залым сілімтіктерге нәлет-қарғыс айту, сол сүмелектерді «Тәңір сотына» шақыру, халық атынан айыптау тебіренісі басым:

А, сұмдардың сорлы ұрпағы,
Жексұрын ед ата-бабаң.
Жапа көрген жұрттың бағын
Тепкілеген қанды табан.
Жалмауыз топ тақ қоршаған.
Жоқ не ары, жоқ беттері,
Азаттықты түмшалаған,
Даңқ, дана жендеттері!
Отырсындар бүркеніп заң,
Сот пен шындық тілін кесіп.
Сот бар әлі, тіл бұзылған
Тәңір соты кетпес кешіп...
Арам қанмен өңшең залым,
Кете алмассың жуып-шайып
Қасиетті ақын қанын!

Адуынды албырт жас ақын ұлы Пушкинді өлтіруге дем беруші патшаны, жалдаптарды осылай әшкерелеп «Азаттық пен даналықты» тұншықтырғандарға «Сендер өздеріңнің қап-қара қандарыңмен ақынның қасиетті қанын жуып-шай алмайсындар!» — деп зілдене тебіренеді.

Бұл өлеңнің күштілігі соншама, алғашқыда Петербург жұртшылығына жылдам тарап, қауым назарын тез қаратқанына байланысты болса керек. Бірінші Николай патшаның өзі осы өлеңді естігенде «Мынау әлі жетілмеген жас ақын Россияға жаңа Пушкинді әкелсе керек...» — деп жас Лермонтовтың дарынына таңданыпты деген емес сөз бар. Бірақ, дақпырт құмар патша алғашқыда солай деп қалса да, «Ақын ажалының» соңғы он алты жолын кейін қайыра оқып түсініп, қанына біткен қатыгездікті қайта шақырған, сол ереуілді өлеңі үшін Лермонтов кешікпей абақтыға жабылды.

«Ақын ажалына» — жас Лермонтовтың ең алғаш шын мәнісіндегі ақындық дарынын танытқан да, саяси-әлеуметтік бағытын меңзеген де шығармасы болды. Осы өлең арқылы жас ақын «бәрін көргіштердің» сақ құлағына шалынды. Ақынның ізін бағу, сөзін аңду да, қуғын-сүргін де «Ақын ажалынан» басталады. Патша ағзам, оның күншіл сұрқылтайлары жас ақынды «қауіпті көріп», оны тығырыққа қарай тықсырды. Патша үкімі бойынша Лермонтов ресми түрде Кавказға әскери қызметке жіберілді, ал анығында пікірі жат ақынды жер аударғаны еді.

Лермонтов өзінен бұрынғы Пушкиндей «жоғарғы қауымның» ортасында көбірек сыйлы жағдайда болған ақын емес. Тірлік тағдыры мен творчестволық тыныстары сабақтас болса да, патшаның көлгірлікпен болса да өз назары ауған Пушкиндей мәдениетті ортада, сарай-салтанат төңірегіне аз-кем еркінсіп жүре алған жоқ. Тумысынан Лермонтовтың халі нашар болды. Нәресте Михаил үш жасында анасынан айрылып, жетімдік мұңына душар болады. Әкесі Юрий Петрович отставкадағы офицер екен, сірә ұнамсыз мінездері болса керек, қайын енесі Арсеньева оны жек көреді де заң жүзімен жиені Михаилды әкесінен біржола айырып алып, бауырына басады. Дворяндық тәрбиесі бар, қатал, адуынды бұл бәйбіше кішкентай жиеніне өте мейірімді болыпты. Ақсүйектер баласынша тәрбиелеп, Москва, Петербургтегі шонжар ұрпақтарына арналған қауымдық және зиялы әскери орындарын орналастырушы патша ағзамнан кешірім сұрап, жиенін абақтыдан босатуды да, Кавказға әскери қызметке жіберуге де, сол жақта «қуғын» қызметте жүргенде Москва мен Петербургқа аз уақытқа шақыртуға рұқсат алушы да, ең ақыры Лермонтов 1841 жылы июль айында Пятигорскіде Мартыновтың атқан оғынан опат болғанда мәйітін өз име-

ниесі Тарханға алдырушы да осы нағашы әжесі. Жетімдік көріп өсіп, әке-шеше мейіріміне бөленбегендіктен бе, сірә, сәби шағынан ол тұңғыық, «жетім қозы тас бауыр» дегендей елпілдек емес, «кісікіік» болып өсіпті. Университетте, әскери қызметте жүргенде де өз бетінше лепірмей, өзін томаға-тұйық тәкаппар ұстаған. Сол тұста университетте өзімен қатар оқыған Герценмен, Белинскиймен достасып, сырласып кетпеуі де не тұйықтықтың, не тәкаппарлықтың салдары болса керек. Бірақ ұлы дарынның «іштей тәкаппарлығы» өз қоғамының сұмдық қылықтарынан жиіркене келе, бірте-бірте дәуірдің бүкіл болмысына қарсы қыр көрсетуге, бітпес қыңырлыққа айналды.

Жас Лермонтовты әке тағдыры, өзінің шыққан тегі жайындағы күдік ойлар көбірек мазалағанға ұқсайды.

Уа, әкем менін, қайдасың, қайдан табам,

Өр рухың қаңғып жүр ме әлде көкте?—

деп налиды, әкесін жоқтап. Сонымен бірге, орыстың ұлы ақыны, Россияны «өзгеше жанымен» сүйген шексіз патриот, кейде өзінің арғы атасының Шотландиядан екенін ескеріп, түсініксіз түрде жырларында мұнайып та қояды. Орыстың бірінші ұлы ақыны А.С.Пушкин, нағашы жағынан арғы атасының негр екенін меңзеп:

«Негрдің қияпатсыз ұрпағымын» деп әзіл ретінде айтса, орыстың екінші ұлы ақыны арғы ата-баба мекенін көкsep:

Күнбатысқа, күнбатысқа кетер ем,

Ата-мекен көгалына жетер ем.

Қонар едім көк мұнар тау басына,

Бабаларым бейітінің қасына.

Арфа шегін шерткенімде бір-бірлеп,

Шотландия күмбездері күмбірлеп,

Өзі тыңдап, өзі ғана оянып,

Бір күнгірлеп кетер еді-ау жоғалып,—

/С.Жиенбаев аудармасы/

деп құпия бір сырды күйінішпен сездіргендей болады. Бірақ туған Россиясын қимайды, оған жаны ашып, ызамен тебіренеді. Кавказға жер аударғанда:

Қош, Россия, сорынан арылмаған,

Қош, құл жұрт, төрелер өктемдеген,— деп патшалық, крепостнойлық Россияға лағнат айтады.

Лермонтовтың қасіреті, өр кеуде қыңырлығы өзіне тұтас қоғам қасіретінен, зорлыққа, әділетсіздікке қарсы қыр көрсетуден туғаны шексіз. Лермонтов атақты декабристер көтерілісінен /1824/ кейінгі дәуірде ер жетіп, есейген ақын, патша әмірімен дарға асылған ереуілшіл бес ардагердің арман-мұраты — Россияны қазымыр патшаның жеке билігінен азат ету, орыс шаруаларын құлдықтан құтқару, халыққа бас бостандығын әперу сияқты талаптар — сол дәуірдегі ең асыл, ең өткір саяси мәселе еді. Лермонтов бұл тарапта өзін декабристердің мұрагерімін, пейілдесімін деп санады. Лермонтовтың лирикасында осы декабристік сыры күрестен қауіптенбейтін ер жандар бейнесінде елес беріп отырады. Жауыздыққа өктем озбырлыққа қарсы пікірі сыршыл өлеңдерден өршіп, кейін оның романтикалық, асқақ серпінмен жазылған атақты поэмаларында зор тебіреніс береді. Рас, Лермонтовтың алғашқы туындыларында ағылшынның тәкаппар ақыны, ұлы Байронның романтизмі әсерлі ықпал жасағаны белгілі.

Топас қоғамның қилы қырына, абсолюттік демонизмге - озбыр жеке билікке қиялап, қыңыр келуі Лермонтовты демонизмге апарды. Ақын «1831 жылы 11 июнь» деген өлеңінде:

Өрелі ой қуатымен кей сағатта,
Бойладым бір ғасырға, басқа жаққа.
Ұмыттым бұл фаниді, басқа жерді
Жырладым арман дертті батқан шақты.
Бірақ сол қиялымның армандары,
Сырларға ұқсамайтын жалғандығы.
Ойладым ғайбат, бәле, сүйоді де —
Жоқ! Көк пен тұмақ сыры болған бәрі!

Немене атақ, даңқ? – бәрі мені,
Өктем боп тағдырымды әуреледі.
Бәрі де құрбан етпек қиялымды,
Мақсатсыз жапа шектім, қуғын көрдім,
Сол ойға сендім бірге, ырқына ердім.
Мәңгілік сыйлап маған пайғамбарлық —
Ажалға жердің сыйын түгел бердім,—

/Қ.Бекқожин аудармасы/

деп толғанады. Он жеті жастағы Лермонтов Демонның бүлікшіл, өр мінезіне беріліп, қапа дүниеден безініп, дархан әлемге еркін шарықтауды арман бейнесіне айналды-

рады. Алайда Лермонтовтың керемет туындылары қоғам өмірінен, өз дәуірінен алшақ, буалдыр дүниелікте ұшқындаған қияли елестер емес, ұлы ақын жас шағынан-ақ өз заманының халыққа қасірет болған ауыр зілдерін, дәуір дертін шертіп тебіренеді, Россия тарихының, оның өткендегі өресі биік өр адамдарын жырлап, азаттық арманын толғайды. Жиырма төрт, жиырма бес жастағы кезеңде, өзінің ұшқыр дарынын ерекше танытарлық «Гамбов казначейі», «Патша Иван Васильевич туралы жыр», т.б. атақты, әйгілі поэмаларды жазып Петербург журналдарына жариялайды. Бір өкініштісі, бұл шығармалар, шонжар топқа «бүлікшіл» көрінген ақынның есімі қойылмай, авторсыз басылып шығады.

«Жоғары қауым» зиялылары әйтсе де Пушкиннен кейін, дабысы көкке көтерілген бұл ақынды өздерінше «қызық» көріп таңырқаған секілді. Әскери айдаудан оралған шағында /1838/ Петербург абзалдары ақынды ынтыға қоршап, онымен тілдесуге іңкәр болады. «Мені, — деп жазды ақын бір хатында — ай бойы баршасы аялап бақты, тіпті әбден зықымды кетірді. Өзім өлеңімде масқаралаған осынау қауым мені мадақпен, рахаттана қоршады».

Бұл тұста Лермонтовтың дарындылық күдіретінің аса биік белестері — «Ой», «Ақын», «Үш пальма», «Қанжар», «Терек» сынды терең ойлы, сұлу сипатты өлеңдерімен бірге ғажайып «Демон» поэмасы және «Біздің заманның геройы» повесінің бастапқы тараулары жазылған. Бұл кезеңде Лермонтов орыстың бір қатар озық әлеумет қайраткерлерімен, солардың қатарында атақты сыншы В.Г.Белинскиймен кездесіп пікірлеседі. Жас дарынның жаңа туындыларын оқыған Белинский «Русьта жаңа, күдіретті дарын пайда болды, ол — Лермонтов... Пушкин мұрагерсіз өлмеген екен...», — дейді.

Жоғарыда аталған туындылар, азаматтық философиялық түйіндеулері арқылы Лермонтов творчествосының негізін, бағытын әбден айқындаған еді. Оның өзекті сырлары—еркіндікті аңсау, өз ортасына шүбәмен /скепизм/ ашына, күйзеле күрсінуден туған еді. Өз туыстарынан түңілу, соларды мінеу!

Қарасам қайғыртар жұрт бұл заманғы,

Салқын қуыс өмірі, я қараңғы.

Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,

Өнерсіз қартаяр деп біл балаңды.

Жамандық, жақсылыққа қарар салқын,

Долығы тез басылып қайтар қарқын,
Ұлыққа қошеметшіл құл сықылды,
Қатерге аяқ баспас көрмей артын.

/«Ой». Абай аудармасы/

Енді бірде айналасына, шонжар топқа қайсар қыңыр-лық:

Менің сырым, жігіттер емес оңай,
Ешкімнің ортағы жоқ жүрсін былай.
Нені сүйдім, дүниеде неден күйдім,
Қазысы оның – арым мен бір-ақ құдай.
Надандар былшылдайды, құп алмайды.
Үлкен жанның қиялын ұға алмайды.
Теңізден таудай толқын соқса дағы,
Жағадағы жартасты жыға алмайды.
Құдай мықты жаратқан үлкен жартас,
Былш-былш еткен бет бұрын судан қайтпас.
Бұлтта суық дауылмен, жаймен сырлас,
Өзгені жан екен деп сырын айтпас...

/Абай аудармасы/

Байқайсыздар ма, мұнда тәкаппар ақын өзін «құдай артық жаратқан үлкен жартасқа» теңеп, өзін тек дауылмен, найзағаймен сырласып, өзгеге жан екен деп сыр айтпас, өршілдікті сездіріп отыр. Сол өршілдіктің, менмендіктің қосынды тұлғасы — Демон...

Тегінде біздің жырларымызда жасықтық болса, сондай өршілдіктің, менмендіктің жоқтығынан шығар. Тегінде Лермонтов тек қасіреттің, түңілудің немесе дара менмендіктің, бұлдыр қиялдың жыршысы емес. Ол ездік пен топастыққа қарсы, жауыздық пен озбырлыққа қарсы өзінің өр қиялын бір топ өлеңдерінде, кавказдық, романтикалық поэмаларында, «Біздің заманның геройының» ұзын-ырғасында әр пішіндерінде бейнелеген.

Лермонтов жырлары — азаматтық, халықтық лириканың керемет өнегесі. Күрескерлік рухты Лермонтов өзінің «Ақын», «Пайғамбар» деген өлеңдерінде де меңзеген:

Сөзінің күдіретті үні желді,—

Майданға қайрап еді жауынгерлерді.

Шараптай қажет еді даусың жұртқа,

Дұғадай, фимияндай шипалы, емді.

Алланың рухындай боп жұртқа жырың,

Ізгі ойдың дауысындай боп шықты бұрын,

Халықтың тойлы, шерлі күндерінде,
Қоңыраудай мұнарадан шалқыды үнің—

Ақынды майданда сермелетін қанжарға теңеп, халықтың ойлы, ереуілді күндерінде жаршы болуды дәріптейді. Дәуірінің өз тумасы адуынды ақын Отанына сүйінішпен қатар күйініш те сездіре, туған атамекен елді, өзгеше сезіммен сүйетінін «Отан» деген әйгілі өлеңінде орыс жерінің ерен сұлу табиғатын, шулы өзені, нулы ормандарын асынтызарлықпен, сүйінішпен жыр етеді. Ал «соры арылмаған, лайсаң Россияның» қырсықтан арылуын арман етіп, патриот ақын батыстың озбырлыққа, зомбылыққа қарсы революциялық ереуілде бар тарихи оқиғаларын құптап, тебіренеді./ «Наполеон», «Андре Шенье», «11 июнь» т.б. «Вадим» де сол азаттық күрес бейнесін елестетеді. Лермонтовтың тағдыры қауіп-қатерге, қуғын-сүргінге ұшыратуды пешенесіне жазған секілді. /Сонысын бір өлеңінде өзі де күйініп айтады/. «Біздің заманның геройы» /бастамасы/, басқа белгілі қырсық өлеңдері патшаға ұнамаса керек. Ақынды қудалаудың сәтін күтіп жүрген кезде /1840/ қаны қызу албырт Лермонтов Петербургтағы Франция елшісінің баласы Э.Барантпен ерегесіп дуэльде атысады. Сау қалған ақынды патша өштікпен сылтау тауып Кавказға тағы да жер аударады. Қуылған ақынды Бірінші Николай «Жолың болсын, Лермонтов мырза» деп кекете қояды.

Ұлы ақынның мұндай қуғынға ұшырауы аянышты болса да поэзиясы үшін, бүкіл творчествосы үшін — Кавказ дәуірі ерекше биік орын алады.

Кавказдың айбынды асқары, шын-құздар, асау Теректің «Долданып, буырқанып аққан» арыстандай сұсты өзені, қанжарлы түнде найзағайдай жаркылдаған жаужүрек өрүлдары, періштедей күлімдеп, сайтандай құбылған сиқырлы сұлулары, өршілдік пен сұлулықты пір тұтқан сері ақынға өз арманы, өз идеясы барша ғаламатымен көз алдында елес қағып, буырқанған романтикасын аспанға шарықтатады. 1964 жылы Лермонтовтың туғанына 150 жыл толған мереке күндерінде, Пенза қаласындағы салтанатты мәжілісте/ бұған мен қатысқан едім/ қазіргі Кавказдың атақты ақыны менің досым Қайсын Құлиев «Кавказ жырларыңыз Лермонтовты айту қиын, Лермонтовсыз Кавказды түсіну қиын», — деп мақтана сөйледі. Сәл асыра соқса да бұл сөзде шындық та бар. Лермонтовты «Кавказ жыршы-

сы» деп те атайды. Расында да, егер асыл поэзия іздесек, Лермонтовтың Кавказда туған туындылары соның айғағы.

Ұлы ақын әдебиеттегі кейбір қанғыбастар секілді құр экзотика, мәнсіз романтикаға беріліп, Кавказды бетінше дәріптеген жоқ. Өзінің асқақ ойына асқар тау мен асқар жанды адамдар, Кавказ халықтарының ғажап хикаялары пара-пар келді, өзге бұратана ұлттардың азаттық күресін қастерлеп «Измайл Бейді» жазды. Кавказда ол жергілікті ұлттардың өткеніне зер салып, «Ашық Кериб» дастанын жазып алады. Отаршыл әскердің кіші офицері Лермонтов мұнда Әзірбайжан, түрік тілдерін үйренуге талаптанып, сол жұрттардың дәстүрін білуге ден қояды. Сонымен бірге, әскер атына және де өзінің табиғи тәліміне, болмысына орай, сол халықтарға қарсы жүргізілген майдандарда Лермонтов аянбай ерлік те, өжеттік те көрсетеді. «Ол ашына соғысты, ол қайсарлық көрсетті» деп еске алды кейін жауынгер серіктері. Бірақ патша өкіметі ақынды аңдудан, одан пәле іздеуден тынбады. Сондай дүрбелеңге түскен ақынды әлдекімдердің меңзеуімен кәзәп Мартынов ерегесіп жекпе-жекке шақырады да, 1841 жылы 13 июльде Машук тауының бөктерінде атып өлтірді. Бұл сұмдық, аянышты халге күйінген кемеңгер Белинский «Сорлы орыс әдебиетін мынау ауыр қаза тағы да жетім қалдырды», — деп күңіренеді.

Кавказда жүрген әуре-сарсаң шағында дана ақын өшпес ұлы шығармалар жазып үлгерді, солардың тобынан «Кавказға», «Теректің сыйы», «Қанжар», «Тамара», «Желкен», «Қош, Россия» сынды көптеген атақты өлеңдерімен бірге «Корсар», «Измайл Бей», «Бастұнжы ауылы», «Хаджи Абрек» сияқты әйгілі поэмалар жазды.

Ал Кавказда жүріп жазған романтикалық поэмалары қатарынан «Мцыри» мен «Демон» атты екі поэмасы Эльбрустай ерекше оқшау биік тұрады. «Мцыри» поэмасында христиан монастырына қапасқа қамалған тау перзентінің құдайға, зұлымдыққа деген нәлет, қарғыс-ызасы, бас бостандығының зары саз береді. Ал «Демон» поэмасындағы ібіліс, яки Демон бейнесі — әлемді жаратушы, әрі шексіз билеуші, дүниеге әділетсіздікті тудырушы, бүкіл зорлық-зомбылықтың бейнесі, бір Алланың өзіне қарсылық, наразылық. Бұл романтикалық дастанда философиялық терең астар, сыр жатыр. Белинский: «Мұнда адам баласының азаттық правосын жалынды сезіммен қор-

ғау бар», — деп бағалады. Кейін А.Блок: «Демон—Лермонтов жасаған тұлғалардың ең құдіреттісі де, жұмбақ сырлысы да», — деп дәл мінездеді. Расында да өз мінезіне тәкаппар пішін және құдай жаратқанның /болмыстың/ бәріне де өш, сұрапыл, сұсты мінез береді. Демон ібіліс Тамараны арбағанда мынадай сөздермен сұстанады.

Мен бе мен жым-жырт қана жарым түнде,
Сол жанмын, құлақ тосқан сен үніме,
Сырымды бұлдыр ұқтың. Сол бейбақың,
Ойларың сыбыр қағып жүрегіне,
Түсінде елес қақтым, солмын, міне,
Үмітті жоюшымын көзбен атып
Кесірмін, ешкім сүймес мені ұнатып.
Жердегі құл-құтанға көк жасынмын,
Білудің, дархандықтың патшасымын,
Тәңірдің дұшпанымын, жер қасымын...
Жиіркене қарадым мен күллі өмірге!
Тәңірдің лағынаты, қарғыс зілмен,
Басыма менің келіп түскен күннен,
Қызулы, кең құшағы табиғаттың
Мен үшін салқын тартып қалды мүлдем.

Міне, бұл тұлға — дархандықтың патшасы, тәңірдің /шексіз билеушінін/ дұшпаны, табиғаттың ыстық құшағы оған салқын тартқан ерекше, елеулі тұлға. Ол — жердегі құлдық өмір сүрген бишара пенделерге қас, өйткені олар:

Олардың сөзі, көзі, жаны залым,

Соларды түсінбедім, көңілім қалды, - деп, сондай залымдарға бүлікші рух көк жасындай шатырлағысы келеді. Бұл суреттерден Лермонтовтың кімдерді бейнелеп отырғанын аңғару қиын емес. Жердегі сұмдықты жою үшін Демондай төтенше бір сұрапыл күш керек деп меңзейді ереуілшіл ақын.

Демонның алапат махаббатын ғана емес, мұңлы ақын шын адал махаббатты да елжірей толғайды, опасыз жалған сүйіспендікті мансұқ етіп, тебірене наз төгеді. Лермонтовтың ақындық мұрасының негізгі сарыны — келешек дүниеге қарап, асау Теректің толқынындай буырқанады. Ұлы дана, ақынның ереуілді жырлары азаттықты нәсерлі дүбірмен орыс халқының және де Россиядағы барша халықтың ой-санасына зор әсер етті. Орыс халқының Пушкиннен кейінгі рухани құдіретінің теңіздей тегеуріндісі —

Лермонтов поэзиясы Россияның талай ойшыл, қаламгер қайраткерлерінің алға құлаш сермеуіне орасан ықпал жасады. Лермонтов поэзиясы -әлемнің жыр теңізіндегі жарқырап тұрған маяқтың бірі.

Лермонтов поэзиясының алуан халықтың жыр мәдениетіне тигізген әсері шексіз. Лермонтовтың өршіл романтикасы Байрон, Пушкин дәстүрінен кейін поэзияға ерекше айбар беретін асқақ күздай болып көрінді. Өлең дүниесінде тек поэзиялық әсем қасиетімен ғана емес, Лермонтов өзінің ұшқыр ой-қиялымен, заман және адам туралы терең тебіренісімен өзінен кейінгі ақындарға өз ықпалын тигізді. Бұл тарапта, шығыста, әсіресе мұсылман әлемінде Лермонтовтың асыл мұрасын терең таныған, ақындығына берік ден қойған, орыстың дана ақынын ұстаз тұтқан кемеңгерлердің бірі — біздің ұлы Абай болды.

Абай Лермонтов туындыларын Пушкинмен қатар қойып, сүйіп оқып қана қойған жоқ, ұлы ақынның көптеген өлеңдерін өзінің ана тіліне аударуды ғана мақсат еткен жоқ, халқының қиян-кескі тағдырын ойлап, бұлдыр болашағынан саңлау іздеп, ой-санасымен арпалысқан ақын орыстың бұл дана ақынынан халқына да, өзіне де ұстаздық медет іздеді, өз арманына, өз жанына рухани серік, сыршыл дос тапқысы келді, тапты да...

Абай Пушкиннен де, Крыловтан да бірқатар шығармаларды өз тіліне шебер аударды, олардан да өзінше тағылым алып, олардың ғанибет сөздерін халқына өнеге етіп таратты. Алайда Лермонтов туындыларын көбірек аударуына /28 өлеңін аударған/ қарап пайымдасак, әсіресе ұлы ақынымыздың өз шығармаларындағы бір сара күйінішті, ызалы сарындарды түйіндесек, Лермонтовтың Абайға еткен әсері күшті болса керек.

Абай неліктен Лермонтовқа ден қойды екен? Зерттеушілер бұл мәселеге зер салмай келеді.

Абайдың ақындық толғамдарын саралап қарасак, идеялық мазмұн және лирикалық тебіреніс тарапынан үштөрт сарынға жіктелер еді. Меніңше, бірінші бағытта — халықтың тағдырын, заман әлпеті өзекті орын алса, екінші тарапта — халықтың мінез-құлқын түзеу үшін ақыл айту /дидактика/, замандастың ой, салт сипатындағы тоғышарлықты мінеу /сатира/ әуені жатады. Содан кейін осы бағыттағы өнеге, өсиет жырлары шындықтан жаңғырық таппағандықтан өз заманынан, өз ортасынан түңілу, торығу, қасірет шегу саздары өзінше бір арна боп толқиды. Саха-

ра боз баласының лирикасы, ғашықтық, махаббат әуендері де Абай жырларында бір сала. Мінез түзеу, тоғышарлықты мысқылдау сарынына Абай Крылов бейнелерін, Салтыков-Щедрин әсерлерін арқау етті. Ал Абай поэзиясындағы тебіренісі басым әуендер — өз ортасынан, топас қауымынан түңілу, замандастарының білімсіздігін көріп торығу, жалғыздық жапа шегу сарындары еді. Абай жырларындағы бұл наразылық сарындардың Лермонтов әуендеріне үндес келіп тұрғандығы шексіз.

Алдымен, Лермонтовтың осы сарынына беріле үн қосатын айтпастан бұрын, Абай оның өзге келелі шығармаларын неге аудармады екен? Лермонтов шығармаларындағы өзекті сарын — бас бостандығы болса, Абай жырларында, тіпті аудармаларында мұндай әуендер кездеспейді. /«Жартастан қыз құлапты терең суға» дегені болмаса/. Бұл да мүмкін, себепті шығар. Абай заманында, тіпті қазақ қоғамында әйел мәселесі болмаса, жеке бастың бостандығы ерекше орын аларлық күйде болған жоқ. Құлдық, крепостнойлық секілді сұмдықтарды Абай көрмесе керек. Оның үстіне Абай Лермонтовтай өз басына еркіндік таппай, патша ұлықтары тарапынан қысымға, қуғын-сүргінге ұшыраған жоқ. Сондықтан мұндай сарын Абайды тебірентпеген. Лермонтов шығармасындағы екінші елеулі ағын — ұлт-азаттық күресі, отаршылыққа наразылық еді /«Вадим», «Еркіндіктің ең соңғы ұлы», «Измайл Бей»/. Абай тірлік шеккен дәуір қазақ елі патшалық Россияға біржола бағынып, қосылған шағы. Әкесі шонжар Құнанбайдың патша жандаралының сойылын соққан кез. Сонымен бірге, Пушкин, Лермонтов, Белинский, Толстойды тапты. Абайдың соларға бас иген шағы. Сондықтан да, Абайдың өз шығармаларында тым болмаса, халқының өткендегі азаттық, күрестерін елестетерлік бірде-бір әуен жоқ. Абай үшін бұл тұс «Орыс теріс айтпайды» немесе «қол-аяғың бір бекінді, енді ненің орны бардың?» кебі еді. Сондықтан да Абай осындай өзекті мәселеге негізделген Лермонтовтың «Вадим», «Бородино» жырларын аударма бастап, өз бағытына сай болмағандықтан ба, сірә, түгел аудармай тастап кетеді. «Измайл-Бейді» аудармағаны өкінішті-ақ, Абай Лермонтовтан өз жүрегімен тамырлас сарындарды беріле аударып, сондай ащы лебіздерді өз аузынан күрсіне шығарған. Лермонтовпен өз халқы жайында қасіреті ортақ Абай:

Жарлы емеспін, зарлымын,
Оны да ойла толғанып,
Жұртым деуге арлымын,
Өзге жұрттан ұялып... —

деп «Отанымды сүйемін мен өзгеше» немесе «Қош, Россия сорынан арылмаған» деген Лермонтов сарынымен сабақтас күніренеді. Ол өз тұсындағы сорлы жұртты, әумесер жас қауымды дәл лермонтовша мінеп, түйрейді. Лермонтовтан аударлады.

Қарасан, қайғыртар жұрт бұл заманғы,
Салқын қуыс өмірі, я қараңғы.
Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,
Өнерсіз қартаяр деп біл балаңды.

Жамандық, жақсылыққа қарар салқын,
Дольғы тез басылып қайтар қарқын.
Ұрлыққа қошеметшіл, құл сықылды,
Қатерге аяқ баспас көрмей артын.

Осыған өзінше үн қосады:

Жас өспірім замандас қапа қылды,
Сабыр, ар жоқ, аят жоқ, ілді, жұлды.
Тұрлау қылып ешнәрсе басқара алмай,
Сенімі жоқ, сермендей өңкей жынды.

Жамандық жақсылықпен оған бір бәс,
Дін ісін, құдай ісін айыра алмас.
Арын сатып, ант ұрып іздегені,—
Бір семіз ат, аяғы бір табақ ас.

Пікірі лермонтовша болғанмен, қазақылық иісі де соңында сезіліп тұр. Айналасындағы топас қауымға ыза болған Лермонтовтан: «Надандар былшылдайды, құп алмайды, Үлкен жанның қиялын ұға алмайды. Теңізден таудай толқын соқса дағы, Жағадағы жартасты жыға алмайды», —деп аударлады да, Абай бір өлеңінде надандарға өзінше сүс көрсетеді.

Менсінбеуші ем наданды,
Ақылсыз деп қор тұтып.
Түзетпек едім заманды,
Өзімді тым-ақ зор тұтып.

Жаны ер, қайсар Лермонтов топас, пасық ортадан
түңіле келе бүкіл өмірге де, тірлікке де күйініш білдіреді:

Дүниеден үмітім жоқ менің деймін,
Өмірге өткен титтей өкінбеймін.

Немесе:

Қапамын, мен қапамын,
Қуаныш жоқ көңілімде.
Қайғырамын, жатамын,
Нені іздеймін өмірде?
Яки бір қапыл қалды ма,
Паң үміт жоқ алдымда...—

деп күрсінсе, Абай:

Жүрегім менің қырық жамау,
Қиянатшыл дүниеден.
Қайтіп қана қалсын хал,
Қайтқан соң көңіл әр неден...

деп лермонтовша «әм жалықтым, әм жабықтымның» кебіне түседі.

Дүниедегі қызықтың бүгін бәрі,
Саған салқын тартқандай, сен бір кәрі.
Болсам деген талапты ұмытқан соң,
Құр кеудеге өмірдің несі дәрі!—

деп Лермонтов заман, орта зардабынан ертерек қажығандықты сездірсе,

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,
Ашуың—ашыған у, ойың—кермек,
Мұндасарға адам жоқ, сөзді ұғарлық,
Кім көңілді көтеріп болады ермек? — деп келе,
Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
Мен келмеске кетермін түк өндірмей...

— деп торыға тебіренеді бейуақта туған шерлі Абай. Өз жұртының, өз ортасының топастығын, еліндегі надандық пен қытымырлықтан зәбір шеккен Лермонтов «Батысқа кетем, батысқа» деп зарықса, Абай:

Өлген мола, туған жер жібермейді,

Әйтпесе тұрмас едім осы маңда...—

деп арман азабын шегеді, сөйтіп «жапырағы қураған ескі үмітпен» қартайған Абай ұстазы Лермонтовша терең қасіретке шомылады, жалғызсырап күніренеді, заманға, болмысқа шүбәлі ой тастап скепитизмге түседі. Абай аударған өлеңдерде және өзі жазған бір сала жырларда Лермонтовтың қасіретті тебіренісі, наразылық скепитизмі, торығу сарыны бәрі бар. Абай да тек Лермонтовтың жеке билікке — құдайға да, озбырлыққа да қас демонизмі, «күні-түні дауыл тілейтін», асқақ қайсар қанжарды бейнелейтін өршіл романтизмі жоқ. Сондықтан Абай Лермонтовтың «Демон» сияқты асқақ романтикалық поэмасын түгелдей аударудан бас тартқан. Сірә, бұған негізгі себептің бірі Абай өз айналасының, мұсылман дініндегі жұрттың әзәзілді, шайтанды /Демонды/ ерекше бір дәріптерліктей «Әулие» тұлға деп қабылдамайтынын есептесе керек. Аллаға қас, адамды азғыртушы, ұжмақтан қуылған ібілісті мадақтау Абай тәліміне қона қоймағанға ұқсайды. Қараңыз, Абай бастапқысында Лермонтовта «Алланың қуғын жаны» деп аяныш білдіре дәл аударып келе жатады да, төрт-бес шумақтан соң өзінше басқа арнаға бұрады:

Құдайым: «Шайтансың» деп лағнет етті,

Лағнетпен де қор бола қалман депті.

Алладан қарғыс алған кеудесінен,

Сүю мен сол сағатта сенім кетті.

Тиянақ, сенім, сүю көрмей өтті,

Алаң-жұлаң өтіпті, тентірепті,

Алласыз дос таппады, сыр таппады

Неше мың жыл кезсе де төңіректі.

Сөйтсе де жамандыққа бір тоймаған,

Ант ұрғандық қылығын еш қоймаған.

Баяғы алдау, ескірген кәрі иттікпен,

Не қылдым, не бітірдім деп ойлаған...

Сөйтіп, Лермонтов жасаған өр, тәкаппар, күдіретті тұлғаны Абай «антұрған кәрі ит» деп әбден балағаттайды. Бұл арада Абай лермонтовшадай емес, құран әуеніне түсіп кеткен, өткен ғасырда және де революция алдында да Абайдан басқа да Лермонтов шығармаларын қазақ тіліне аударғандар болса керек. Солардың қатарынан

белгілі ақын Шәңгерей Бөкеев аударған Лермонтовтың «Қашқын» атты шағын поэмасы. Ал Лермонтовтың асыл туындыларын Абайдай беріле, ден қоя көбірек аударған бұрын, тіпті кейінгі қыркыншы жылдарға дейінгі қазақта ешбір ақын болған емес, дарын иесі, өзі де кемеңгер Абай Лермонтовтың көркемдік қасиеті күшті шығармаларының мән-мағынасын терең барлап, сапа-сипаттарын көбінесе сақтай аударған.

Асау терек долданып, буырқанып,
Тауды бұзып жол салған, тасты жарып.
Арыстанның жалындай бұйра толқын
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып.

«Дар Терек» деген Лермонтов өлеңінің бастамасында «Арыстанның жалындай, айдаһардай бүктелген» деген сипаттар жоқ, өзі Терек өзенін өмірі көрмесе де Лермонтовтың «Терек дик и злобен» деген сөздерін өзінше интерпретация жасап, толқытып арыстанға, айдаһарға теңеп жіберген. Дәл өзінікіндей болмаса да, егер Лермонтов Абай әсерлеген осы жолдарды оқыса, «бұл менің әуенім» деп соңына қол қояр еді. Сондай-ақ Лермонтовтың бір қатар өлеңдерін Абай өзінше еркіндікпен, өзіндік ақындық електен өткізіп аударған, әдетте біздің қазіргі білгіштеріміз «Абай бұрын аударған, тастап кеткен, дәл жеткізе алмаған» дегенді айтып Абай аудармасына мін тақпақ болады. Солай да шығар. Бірақ Абай Лермонтов /және де Пушкин/ туындыларын кейде жолма-жол дәл немесе түгелдемей, шағындап аударғанда сол шумақтарға шамасы жетпегендіктен емес, біріншіден, өзінің ой сарайына қонымды сипаттарды талдап аударып, екіншіден, өз айналасындағы оқушы, тыңдаушы ортаның ұғымына қонымды суреттерді іздеген. Әдетте, ұлы ақындар бірінің шығармасын бірі аударғанда құранның сөзіндей көріп бірінікін-бірі тәжікелеп жатпайды. Аударса ұзын-сырғасын сақтап, өзінше еркін аударады, немесе шығыс ақындарының дәстүрінше өзінен бұрынғы ақынның тақырыпты, мән-мағынасын алып, жарысу ретінде, өзінше қайта толғайды. Абайдың аудармаларында осы тәжірибе барға ұқсайды. Соған қоса поэзиядағы ұлттық ұғымдар, сурет-бейнелер де аудармаға әсерін тизігіп те қалады, әйтпесе, орыс қызы Татьяна:

Қаймақ еді көңілімде,

Бізге қаспақ болды жем,—

Деп қойшы қыздың тағамына тамсанар ма? Лермонтовтан аударған өлеңдерінде де Абай авторының ұғымында жоқ тосын қазақы жәйттерді қыстырып жіберді. Мысалы; «Ой» деген өлеңінің рухын, мазмұны жағынан ұзын-ырғасын дұрыс беріп келеді де, ақырғы шумағын Абай:

Досың жоқ, дұшпаның жоқ тыныш жатасың,

Мал үшін аш қатасың, жан сатасың.

Әкесі аштан өлген кісідей-ақ,

Неткен жұрт мал өлтірген жеті атасын,

— деп, өзінше қазақшалап кетеді. Лермонтов бұл жолдарда әкелерінің әуре-сарсаң істеріне алданып, мазақ болған әумесер ұлдарды мінеп отырса, жарықтық Абайдың көзіне тап осы тұста мал үшін аштан қататын сараң Оразбайлар елестеп кеткен болу керек. Әлбетте, мұны өз дегенін сездіру үшін Абай әдейі қисындатқан.

Ал Абай аудармасында Лермонтов өлеңдерінің терең ойын, әсем көркін жеткізе, өнер салыстырған өнегелі жайлар көп кездеседі. Байқап қараңыздар, салыстырыңыздар:

Шаң шығармас, жол дағы,

Сілкіне алмас жапырақ,

Тыншығарсың сен дағы

Сабыр қылсаң азырақ /Гетеден/.

Күлімсіреп аспан тұр,

Жер ойлантып әр нені.

Бір себепсіз қайғы құр,

Баса ма екен пендені. /«Күлімсіреп аспан тұр»/.

Жалғыз жалау жалтырлап,

Тұманды теңіз өрінде...

Жат жерде жүр не тыңдап,

Несі бар туған жерінде? /«Жалау»/

Осы тәрізді бірнеше аудармаларында Абай мағыналық, көркемдік дәлдікті мүмкіндігінше сақтап бақса, «Қанжар», «Тұтқын», «Теректің сыйы», «Ой», «Альбомға», «Асау той», «Ауру жүрек ақырын соғады жай» сияқты бір топ лирикалық жырларын қазақшалауда өз дарынын ерекше сездіріп, еркін де көркем дәрежеде, нағыз поэзия қасиетін таныта аударған.